

ЖАҢАРТЫЛҒАН ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ ШЕҢБЕРІНДЕ БІЛІМ БЕРУДІҢ МАҢЫЗЫ

Жуманова Алтынгүл Алдибаевна
№26 жалпы білім беретін мектеп

Ұлтымыздың ардақтыларының бірі Халел Досмұхамедұлы өзінің «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы» еңбегінде: «Қазақ-қырғыз жұрты оянғаннан бері мәдениет бәйгесінде ілгері кеткен жұртқа жетудің қамын қылып жатыр. Мәдениеттің негізі білім. Білімге тіл арқылы жетеді. Білімді жұрттың тілі бай болады», – деп айтқанындай, қазақ тілі – мемелекттік тіл ғана емес, қазақ қоғамының білім алатын құралы, ұлтымыздың сан ғасырлар бойы жинаған рухани-мәдени мұраларының, ділі мен дінінің, әдебиеті мен өнерінің, сана-сезімінің, дүниетанымының жиынтығы. Демек, барлық рухани құндылықтарымыздың іргетасы әрі тірегі. Олай болса, оның қоғамдық қызметін жан-жақты дамыта отырып, қолданылу аясын кеңейту қашанда өзекті мәселелердің қатарына жатады.

Қай елдің болсын, экономикалық-қоғамдық қатынастарының барлық саласы өзгеріп, дамыған сайын тілі де өзгеше сыр-сипатқа, мән-мазмұнға ие болып, сол қатынастарға сәйкес дамитыны табиғи заңдылық. Тілді ұлттан, қоғамдық-әлеуметтік қарым-қатынастан бөліп қарау мүмкін емес. Ал қоғамның күнделікті тіршілігінде тілге деген сұраныс болмаса, әлеумет оны өз өмірінің өзегі етіп қолданбаса, тілдің өркен жаймасы анық.

Дамыған елдер әлемдік экономиканың қазіргі даму кезеңінде оның инновациялық бағыттылығы және жаһандану үрдісінің кеңеюі жағдайында өндіріс саласында емес, білім мен технологиялық идеялар экономикасы саласында бәсекеге түсуде. Білім беру саласы мемлекеттің тұрақты әлеуметтік-экономикалық даму жағдайын қамтамасыз ететін сала ретінде, ал онымен құрылатын интеллектуалды капитал – оның даму және бәсекеге қабілеттілігін арттыру болашағын анықтайтын стратегиялық фактор ретінде мойындалуда, яғни, білім беру жүйесінде білім сапасына басты назар аударылуда.

Қазіргі кезеңде оқушының өз бетімен білімге ие болу барысында оның белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру, оқу үдерісіне қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. Оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау, игере білу міндеттері қойылған. Демек, оқушының ақыл-ой мен шығармашылық қабілеттері, жаңа дағдыларды меңгертуде, мұғалімнің кәсіби іс-шеберлігіне байланысты.

Оқушының тақырыптың мәнін өз бетімен меңгеруін түсінуі мен бағалай алуы барысында, ғалым Шульманның «мұғалімнің үш көмекшісі» (Shulman, 2007) деп атаған қасиеттерін негізге ала отырып, оқытудың басты құндылықтарын, оқушылардың қабылдау мен тұжырымды пікірлерді бөлісуде ұтымды әрекеттер мен шынайы қарым-қатынас қалыптастырады.

Мұғалімнің сабақ барысында сапалы оқыту білім алуға мүмкіндік беретін нақты жағдайларды жасаумен қатар, ортаға және ресурстарға лайықтап

нақты кезеңде қолданылуы тиімді оқыту элементтерін «реттеп», құндылық бағыт бағдар беріп отырады.

Демек, педагогикалық үдеріс кезінде «Оқушы үніне» көңіл бөліп, оқушылармен пікірлесу, оқушыны басты құндылық дей отырып, оқу мен оқыту үрдісін жақсартудың тиімді жолдарын табады.

Бұл жас мөлшерінде ойлау қабілетін, ойлау дербестігін дамыту, талдау, салыстыру, қорыту секілді ойлау әрекеттерін дамытудың да маңызы зор.

Жаңартылған оқу бағдарламасының мазмұнында ойлау негіздері, ақыл-ой мен шығармашылық қабілеттер, жаңа дағдыларды қалыптастыру басты мақсат болып табылады. Демек, білім беру ісінде 4К моделін қолдануды, яғни креативтілікті, сыни ойлауды, коммуникативтілікті дамытуға және топта жұмыс істей білуге жұмылдыру және құндылықты бағдарға бағыттау. Сондықтан оқушылар оқу әрекетін жүзеге асыру барысында мұғалімнің басшылығымен қоғамдық сананың әртүрлі формаларының мазмұнын және олардың талабына сай әрекет ету білігін жүйелі меңгереді.

Оқу әрекетінің бала дамуының қайнар көзіне айналуы, әрине, оның негізгі компоненттерінің рөлін дұрыс танумен, әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері мен ішкі заңдылықтарын түсінумен тығыз байланысты. Оқу үрдісін оқушының әрбір даму кезеңдерінде пайда болатын, жетекші роль атқаратын қажеттіктеріне сәйкестендіріп, оны қанағаттандыратындай дәрежеде ұйымдастырып, оған себеп болатын мотивтердің өзін қоршаған дүниені танытуға ұмтылу, сол танымға септесетін әрекет тәсілдерін меңгеру, өзін жеке тұлға ретінде бағалай алу, өз бойындағы қабілеттерін жетілдіру, өзін-өзі дамыту т.б. тұрғысында қалыптастырудың мәні мектеп алдында тұрған үлкен міндеттің – жеке тұлға қалыптастыру міндетінің жүзеге асуының алғы шарты болып табылады.

Білім беру жүйесін жаңғыртудың басты бағыты ретінде оқушылардың өзін дамытуы және қоғам өміріне пайдалы үлес қосуы үшін ақпаратты өздігінен алу, талдау, құрылымдау және тиімді пайдалануын көрсетуге болады.

Қазақ тілінің жазу мәдениетінде руна жазуы, араб жазуы, латын жазуы, кирилица жазуы тарихи кезеңдерге байланысты өз кезінде пайдаланылды, соңғы жазу - кириллицаны (1940 жылдан бері қазақ тілі жазу мәдениетінде) ұлт оны өзінің ана тіліне лайықтап, қазақ тілі емлесі ретінде пайдаланып келеді. Қазақ тілі - қазақ ұлтының ұлттық тілі және Қазақ Республикасының мемлекеттік тілі болып табылады. Қазақ тілі республикалық барлық мектептерде, жоғары оқу орындарында міндетті оқу пәні ретінде оқытылады.

«Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәрін жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама қадырынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын... Сондықтан сөзден жасап сөз шығару тегін әркімнің қолынан келе бермейді және шығарғандардың да сөздері бәрі бірдей жақсы бола бермейді», - деп, тілдің міндетін терең түсініп, оны термин шығармашылығында асқан шеберлікпен, үлкен жауапкершілікпен жұмсай

білген ұлы тұлғаның қазақтың ғылыми терминологиясын қалыптастырудағы еңбегі ұшан - теңіз. Ғалымның тіл білімі саласындағы еңбектерін саралау, жнйелеу, оларға тарихи тұрғыдан баға беру бүгінгі тілші ғалымдардың еншісіндегі жұмыс. Тілші ғалым А.Айтбаев тұлғаның термин жасау тәжірибесін саралай келе, оны «қазақ терминологиясының атасы» - деп бағаласа, 1988 жылдан бері, Ахмет-тануға өзіндік үлесін қосып жүрген тілші ғалым Рабиға Сыздықованың тіл білімі, әдебиеттану ғылымдарының, қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізін салушы А.Байтұрсынұлының ірі ғалым екендігін дәріптейді.

Бүгінде бастауыш мектептің басты міндеті – баланың қабілеттерін ашуды, жеке тұлғасын, оқуға деген ынтасын, қызығушылығын қамтамасыз ету. Бастауыш мектеп баланың өзін іс жүзінде көрсету, мінез-құлық мәдениеті элементтерін меңгеру дағдыларын қалыптастырады.

Мұнымен бірге оқушылардан ойланып-толғанып әрекет ету, алға дұрыс мақсат қоя білу және соған жету кәсіби және өмірлік сынақтардан дұрыс жол таба білу талап етіледі. Ал осы айтылған міндеттерге әмбебап тәсілдер (талдау, мақсатты анықтау) арқылы жетуге болады.

Мектептегі білім беру жүйесіндегі қазақ тілінің рөлі мен орны оның әлеуметтік маңыздылығымен сипатталады: «Қазақ тілі» пәні қарым-қатынас жасау, дүниетану, тәрбиелеу және жеке тұлғаның тілдік мәдениетін қалыптастыру құралы ретінде айрықша орын алады.

Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқытудың мақсаты - алғашқы тілдік мағлұматтарды меңгерген, сауатты жазу, оқу дағдылары жетілген, интеллектісі мен шығармашылығы, қатысымдық құзіреттілігі дамыған жеке тұлғаның қалыптасуына жағдай жасау.

«Қазақ тілі» пәнін оқытудың міндеттері :

- тіл туралы жүйелі білімді және олардың сөйлеудегі қызметін игерту, тіл пәніне деген қызығушылықтарын арттыру;
- тілдік фактілер негізінде өздіктерінен қажетті ақпараттар алу, оларды талдау, салыстыру, жинақтау және қорытынды жасау біліктіліктерін қалыптастыру;
- сөйлесім әрекетінің түрлерін меңгерту және сөйлеу жанрларын әр түрлі жағдайларда қолдана білуге үйрету;
- білім алушылардың сауатты, көркем жазу дағдыларын жетілдіру;
- ұлттық-мәдени мазмұндағы материалдарды пайдалана білу біліктілігін қалыптастыру;
- білім алушылардың бойында адами құндылықтарды (азаматтық, патриоттық, имандылық т.б.) дамыту.

Бағдарлама мазмұны мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім беру стандартында ұсынылған құзіреттілік түріндегі (проблеманың шешімін табу құзыреттілігі, ақпараттық құзыреттілік, коммуникативтік құзыреттілік) білім беру нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған.

Қазақ тілін оқыту жүйесінің ерекшелігі – білім алушыларға белгілі бір грамматикалық білім, білік, дағдыларды меңгертумен ғана шектелмей, жеке тұлғаның өзгелермен қарым-қатынас жасауға, танымдық және

шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталуы. Қазақ тілін оқытуда сөйлеу аспектісіне ерекше мән берілуі білім мазмұнын сұрыптауға жаңаша көзқараспен қарауды қажет етеді, оның негізіне тілдік білім және сөйлеу алынады. Әрбір тіл және сөйлеу бірліктері (сөз, сөйлем, мәтін), кез келген грамматикалық категория (сөз құрамы, сөз таптары, сөйлем мүшелері) білім алушылардың сөйлеу әрекеттерін жетілдіруге бағытталып меңгертіледі.

Қазақ тілінің жүйелі түрде оқытылуы мен ғылыми мазмұнын нақты және дұрыс анықтау оның бағдарламасы мен оқулығына байланысты.

Мектепте қазақ тілін оқыту барысында оқушының ауызша және жазбаша тіліне көп көңіл бөлінеді. Мұның өзі тілдің фонетика, орфография және орфоэпия бөлімдерін саналы түрде меңгеруге байланысты. Бұл тақырыптарды дұрыс меңгерген оқушы жазба жұмыстарында қате жібермей, сауатты жазатын болады. Бұлардың бәрі де оқыту үрдісіне байланыстырып сөйлеуге дағды бере отырып, ойын жүйелі, дұрыс айта білуге жаттықтырады.

Мектепте оқылатын қазақ тілі материалдарының қандай саласы болмасын, атап айтқанда, қазақ тілінің фонетикасы, лексикасы мен фразеологиясы, орфографиясы мен орфоэпиясы, грамматикасы, сөздердің өзгеруі мен сөздердің сөйлемдегі тіркесі, сөйлем түрлері мен оның белгілері және қазақ тілінің жалпы заңдылықтарымен таныстыру – қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізгі объектісі болып табылады және оның ешқайсысы әдістемелік амал-тәсілдерсіз оқытылмайды.